

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы КМҚК

«Ұлттық мұра - қазынам»

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Сауат ашу Математика негіздері Сурет Қазақ тілі

«Жас ізденімпаз» МАД тобы

Тәрбиеші: Туленбаева.С

2023 – 2024 оқу жылы

Күні: 18.01.2024

Тәрбиеші: Туленбаева Сабира Серікбайқызы

Тобы: «Жас ізденімпаз» Мад тобы

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Сауат ашу Математика Қазақ тілі Сурет салу

Тақырыбы: Ұлттық мұра - қазынам

Міндеті: Балалар берілген буынға сөз құрастырады және сөздегі буындардың санын анықтауға дағдыландыру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.. Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады) Балаларды қазақ халқының ұлттық киім-кешегімен таныстыру

Ресурстар : буынды кубиктер, жіп, парақ және әр түрлі моншақтар.

Киіз үй макеті. Асық. Сандық

Барысы:

Дөңгеленіп тұрайық

Шеңберді біз құрайық

Кереге болып керіліп

Уықтар болып иіліп

Шаңыраққа киіліп

Киіз үйді біз құрайық



Педагог:

-Балалар жоғарыдан не көріп тұрсындар?

- Шаңырақ

-Дұрыс айтасындар.

Шаңырақ – киіз үйдің қасиетті, киелі мүлкі. Шаңырақ киіз үйдің жоғарғы бөлігінде орналасқан.

Киіз үй - көктем, жаз және күз мезгілдерінде көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй.Киіз үйдің іші қыста жылы, жаз мезгілінде салқын болады екен. Киіз үй негізгі 3 бөліктен тұрады:

Кереге, уық және шаңырақ.

Педагог: Балалар сендер қазақ халқының қандай ұлттық құндылықтарын білесіңдер?

- Ұлттық ойындар

- Салт дәстүрлер

- Ұлттық киімдер

- Ұлттық аспаптар

Дұрыс балалар



- Балалар сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

-Асық ату. Хантаалапай

Тақия тастамақ. Көкпар

Тамаша! Жарайсындар!

-Қандай ұлттық салт дәстүрлер білеміз?

-Шілдехана. Тұсау кесер.

Бесік той Сүндет той

-Қандай ұлттық аспаптарды Білесіңдер?

-Домбыра Шаңқобыз

Жетіген Қобыз

-Жарайсындар балалар сендер ұлттық құндылықтар жайлы көптеген мәліметтер біледі екенсіңдер. Керемет жауап бердіңдер.

Балалар енді осы ұлттық құндылықтарға байланысты бірнеше ойындар әкелдім. Енді 1 ойынымызға назар аударарайық. Алдарыңда тәрелкенің ішінде текшелер тұр. Текшелердің барлық бетінде буындар тұр және суреті

бар жанында. Енді осы буындарды суреттерімен сәйкестендіріп сөз құрастырамыз.

-Кәне кім құрастыра алады екен?

Балалар текшедегі буындарды суреттерімен сәйкестендіріп сөз құрастырады.

Сәу-ке-ле

Сан-дық

Тор-сық

Бау-ыр-сақ

Сөздерден буынға бөліп, сөйлем құрастырады.

-Өте тамаша! Жарайсыңдар!

Балалар менің сендерге дайындап әкелген қызықты ойыным бар? Көресіңдер ме?

Балалар менің қолымдағы қағазда ненің суреті?

-Дұрыс жарайсыңдар. Бірақ бұл қошқар мүйіз оюының түсі жоқ, әдемі болмай тұр екен. Кәзір мен мына жіппен безендіру арқылы қошқар мүйіз оюын әдемі түспен бояп шығамын. Менің қалай жасайтынымды мұқият қарап алыңдар. Мына шетінде кішкене ғана оюдың жиегі ашық тұр. Соны жәймен ашып аламыз. Бұл парақтың астында желім жағылған. Сол желімге мына қаламсапты ұстап отырып басындағы жіпті басу арқылы оюдың жиегіне жабыстып шығамыз. Сызықтың жиегінен шығып кетпейміз. Егер жиегінен шығарып жасасақ оюымыз әдемі болмау мүмкін. Менің оюым керемет болып шықты ма ? балалар. Енді осы оюымызды одан да әдемі болу үшін мына моншақтарды қолданамын. Сендер де оюларыңды әдемі моншақтармен безендірсеңдер болады.

Балалар оюымызды безендірген кезде желімді қолымызбен баспай, қолымызды бүлдірмей жасаймыз. Ұқыпты және таза етіп жапсырамыз.

Балалар сендерге ұнады ма? Сендер де оюды безендіргілерің келе ме?

Ендеше орнымызға жайғасып жұмысымызды бастаймыз.

Күй тыңдай отырып жұмыстарын бастайды. Аралап жүріп балалардың жұмыстарын бақылаймын.

- Өте тамаша
- Жарайсыңдар!



Балалар сендер қошқар мүйіз оюын керемет безендіріп моншақтар арқылы сәндейдіңдер.

- Балалар менің сендерге әкелген тағы да қызықты ойыным бар. Ойнауға дайынсыңдар ма?
- Ендеше орнымызға жайғасып отырамыз. Мына менің қолымдағы не?

- Асық – төрт түлік малдың асық жілігінен алынады. Осы асық санау арқылы ойнаймыз.
(Балаларға асықты қосу және алу, салыстыра отырып ойнайды.)



-Балалар менің сендерге арналған тосын сыйым бар. Дайынсыңдар ма?
Мына сиқырлы сандығымыздың ішінде не бар екен көргілерің келе ме?

Ақ сандығым ашылды

Ішінен шашу шашылды.

-Балалар сандығымыздің ішінде нелер бар екен?

-Шапан

-Бөрік

-Қамзол

-Қазақша киім киген қуыршақ пен кимешек киген әженің қуыршағы бар.

-Балалар мына сиқырлы сандығымыздың түбінде тағы да бір тосын сыйым бар екен. Әжемнің сендерге арнап әкелген құрты бар екен. Бұл құртты сендерге сыйға тартамын. Бүгінгі сендерге дайындап әкелген ойын іс-әрекеттеріме барлықтарың өте жақсы қатыстыңдар. Мен сендерді мақтан тұтамын. Балалар бір бірімізді қошаметтеп қояйық.

Балаларға құрт таратылып беріледі.